

2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2009 жылғы 30 қарашадағы N 262 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2009 жылғы 25 желтоқсанда N 831 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 381 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясының 2010.12.13 N 381 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз).

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38 бабына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 487 бабының 1 тармағына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «2009 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XIV сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 161 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2009 жылғы 26 қаңтарда № 804 болып тіркелген, «Алматы Ақшамы» газетінде 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 11 және «Вечерний Алматы» газетінде 2009 жылдың 29 қаңтарда № 11 сандарында жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (Т.Ә.Ізмұхамбетов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә. Шормановқа жүктелсін.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXIII сессиясының*

төрағасы

Т. Мұқашев

I V

Алматы

қаласы

с а й л а н ғ а н

мәслихатының

**2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша
жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану
үшін төлемақы ставкалары**

Арнайы су пайдалану түрлері							
Өзендер, көлдер, теңіздер алқаптары	Үй-жайға пайдалану және Коммуналдық қызмет, тиын/текше м.	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда, тиын/текше м.	Ауыл шаруашылығы тиын/текше м.	Су көздерінен су алып пайдаланатын тоған су шаруашылықтары, тиын/текшем.	Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар, тенге/тонна	Гидро-энергетикасы, тиын/квт.сағат	су транспорт, тиын/мың ш.шақырым.
Балқаш көлінің және өзендердің алқаптары	7,6	20,9	6	5,7	15	2,2	0,6

төрағасы

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXIII сессиясының
Т. Мұқашев*